

ӘОЖ 81.1

ГТАХР 16.21.61

<https://doi.org/10.48371/PHILS.2025.2.77.002>

СҰХБАТ ДИСКУРСЫНЫҢ ГЕНДЕРЛІК ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Акмагамбетова Б.Е.¹, *Сәрсекее Г.Ә.²

^{1, *2} Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті
Астана, Қазақстан

Аңдатпа. Зерттеу жұмысы сұхбат дискурсының гендерлік ерекшеліктерін айқындауға арналған. Сұхбат тек публицистикалық жанр ғана емес, адам өмірінің құрамдас бөлшегі. Қоғамда дұрыс қарым-қатынас құра білу- кез келген адамға қажет қасиет. Сұхбат - сұхбат берушінің ой-толғанысына негізделеді. Жақсы сұхбат – сұхбат алушы адресант пен сұхбат беруші адресаттың сәтті коммуникативтік акті құра алуымен, интенцияның жүзеге асып, коммуникативтік мақсатқа жетуімен өлшенеді.

Зерттеудің мақсаты – ер және әйел тележүргізушілердің сұхбатын қарастыра отырып, сұхбат дискурсының гендерлік ерекшеліктерін анықтау.

Зерттеудің ғылыми маңызы – сұхбат дискурсының гендерлік ерекшеліктеріне алғаш талдау жасалуымен құнды. Сұхбат барысында ер тележүргізушілердің манипуляция жасауға бейім екені анықталды. Әйел тележүргізушілердің коммуникациялық әрекеті сұхбат барысында диалог құрушы коммуникантқа тікелей бағытталатыны нақтыланды. Бір сұхбаттың өзінде бірнеше тақырып талқылатыны, сұхбатқа икемділігі, адресатпен тілдесу барысында сөзін жиі бөліп, өзінің эмоциясынан хабардар етуі – әйел тілінің прагматикалық ерекшеліктері екендігі мысалдармен дәйектелді. Зерттеу нәтижелері сұхбат дискурсын тың тұжырымдармен толықтырады.

Зерттеудің практикалық маңыздылығы – зерттеу нәтижелері мен қорытындыларын коммуникация теориясын, дискурс, гендерлік лингвистика салаларына қатысты ғылыми пәндерді оқытуда көмекші құрал ретінде пайдалануға болады.

Зерттеу барысында сұхбаттарды саралау үшін аналитикалық әдіс, ой тұжырымдар жасау үшін сипаттау әдісі, сұхбаттарды талдау барысында салыстыру, жинақтау, ой қорыту әдістері қолданылды.

Зерттеу барысында төмендегідей ғылыми тұжырымдар жасалды:

- Сұхбатқа қатысушы коммуниканттардың рөлі сұхбаттың жанды әрі жүйелі өтуіне септігін тигізеді. Сәтті коммуникативті актіге құрылған сұхбат тыңдаушы тарапқа әсер етіп, сұхбат алушы мен беруші арасында коммуникативті-прагматикалық байланыс нығая түседі;

- Ер тележүргізушілер сұхбат құруда жиі манипуляция жасайды;

- Әйел тележүргізушілер кейіпкерін толық ашу үшін суггестиялық тілдік бірліктерді жиі қолданады;

- Сұхбат барысында ерлердің коммуникациялық әрекет икемдігілі төмендеу және баяу, ал әйелдер сұхбат құруға бейім әрі сұхбат беруші тұлғаны прагматикалық-психологиялық тұрғыдан сөйлесудің түрлі амалдарын жасайды;

- Ерлерге қарағанда әйелдер сұхбат беруші адресаттың сөзін жиі бөледі. Бұл әйелдердің сұхбатты қажетті арнаға икемдеп бағыттау алу қабілетінің тереңдігімен, тез арада бағдарлай алу мүмкіндігінің кеңдігімен байланысты.

Тірек сөздер: сұхбат, дискурс, ер, әйел, манипуляция, суггестия, гендер, прагматика

Кіріспе

Бүгінгі таңда сұхбат қарқынды дамып келе жатқан жанрдың бірі болып табылады. Сұхбат дискурсының типтік құрылымын сипаттауға арналған зерттеулер салыстырмалы түрде аз, алайда терминнің өзі көптеген салаларда, оның ішінде ғылыми салаларда қолданылады. Лингвистикалық тұрғыдан сұхбат ерекше қызығушылық тудырады.

Сұхбат жиі кездесетін публицистикалық жанрлардың бірі. Сұхбаттың өзге жанрлардан негізгі айырмашылығы – екі адамның диалогтық тілдесіміне құрылып, сөйлеу әрекетінің жүзеге асуымен байланысты. Ал сөйлеу әрекеті – әлеуметтік сипаттағы, жүзеге асуы үшін кем дегенде екі адамның қатысуы қажет және сұхбаттасу үшін алынған немесе кенеттен пайда болған сұхбат тақырыбына қатысты пікірлер, сұхбаттасушылардың ойы мен еркі, көңіл-күйі, білімі көрінетін категория.

Сұхбат әртүрлі күрделілігі бар тілдік қатынасқа негізделген акт болғандықтан сөйлеу актісіне байланысты көбейеді және күрделенеді. Мұнда сұхбатқа қатысушылардың тілдесуге деген ниеттері, көңіл-күйлері және айтылған жайттарға баға беруі, осыған сәйкес сөзді түсінуі, танымдық қабілеті, мағынаны тәпсірлеуі, репликалардағы мазмұнды аңғаруы есепке алынады.

Сұхбат дискурсының типтік құрылымын сипаттауға арналған зерттеулер салыстырмалы түрде аз, бірақ терминнің өзі көптеген салаларда, соның ішінде ғылыми салаларда қолданылады. Тілдік құбылыстарды зерттеудің антропоэлектік бағытында сұхбат көп қырлы және көп функциялы құрылым саналады. Сұхбат дискурсының тілдік ерекшеліктерін талдау тіл арқылы болмысты тануға және жаңа лингвистикалық зерттеулерге жол ашады.

Ғалым Е.А. Николенко терминнің қолданылу аясына байланысты сұхбат дискурсының әртүрлі аспектілері туралы айтуға болатындығын айтады. Мысалы, журналистикада бұл ақпарат алудың бір түрі, лингвистикалық зерттеулерде сұхбат мәтіннің сипаттамасы ретінде

түсініледі, ал әлеуметтануда сұхбат – сауалнама әдістерінің бірі. Жоғарыда аталған барлық аспектілерді талдай отырып, зерттеуші сұхбат «қоғамның ақпараттық қажеттіліктерін қанағаттандыру мақсатында ақпарат алу, жаңа білім шығару және тарату үшін екі немесе бірнеше адамның коммуникативті өзара әрекеттесуі» деген қорытындыға келеді[1, 8 б.].

Материалдар мен әдістердің сипаттамасы

Зерттеу жүргізу барысында 50-ден аса сұхбат қарастырылды. Ютуб әлеуметтік желісі арқылы 25 сұхбатқа талдау жасалынды. Аталған зерттеу жұмысына сол сұхбаттардың гендерлік ерекшелігі айқын танылған кейбірі ғана нысанаға алынды.

Ер тележүргізушілердің сұхбат құрудағы ерекшеліктерін айқындау үшін Бейсен Құранбек, Аман Тасыған, Қайнар Олжай, Жан Ахмадиев жүргізген «Айтуға оңай», «Алғашқы», «Өнер тақтасындағы король», «Неге солай?» атты сұхбаттары қарастырылды.

Әйел тележүргізушілердің тілдесім ерекшеліктерін саралау үшін «Qazaqstan» арнасындағы «Әйел бақыты», Хит Тв арнасындағы «Қыз Жолдас», «Жұлдыз ТВ» арнасындағы «Сенбілік серуен» бағдарламалары негізге алынды.

Зерттеу жұмысында сұхбаттарды саралау үшін аналитикалық әдіс, ой тұжырымдар жасау үшін сипаттау әдісі, сұхбаттарды талдау барысында салыстыру, жинақтау, ой қорыту әдістері қолданылды.

Орыс тіл білімінде сұхбат дискурсының ғылыми теориялық негізіне қатысты еңбектер кездеседі. Ғалым Н.В. Яшина телесұхбат дискурсының коммуникативті және интонациялық ерекшеліктерін зерттей отырып, «телесұхбат» терминіне келесідей анықтама береді: «Телесұхбат – бұқаралық коммуникация жағдайымен және телекоммуникатордың (тележүргізушінің) институционалдық мәртебесімен күрделенген тұлғааралық қарым-қатынас жағдайында жүзеге асырылатын ауызша телевизиялық дискурстың түрі» [2, 15 б.]. Ғалымның айтуынша, телесұхбат дискурсы қос коммуникативтілікпен, көріністілігімен, сөйлеу коммуникациясының тартымдылығымен, оның қатысушылары арасында рөлдердің нақты бөлінуімен сипатталады. Ауызша дискурстың көптеген түрлері сияқты, бұл дискурс сұхбаттасу серіктесінің сөзін бөлуге тырысуы, қатысушылардың бір уақытта сөйлеуі, көп үзіліс пен жоғары қарқынды сөйлеу мәнері арқылы көрінетін сипатымен ерекшеленетінін баса айтады.

Көптеген зерттеушілер «сұхбат» ұғымының маңызды сипаттамаларының бірі оның бинарлы сипаты деп санайды. Сұхбатты ақпарат алудың ерекше әдісі ретінде, сондай-ақ материалды ұсынудың диалогтік формасымен сипатталатын публицистикалық жанр ретінде қарастыруға болады[3]. Телесұхбат дискурсының тағы бір маңызды ерекшелігі –

сұхбат беруші мен сұхбат алушының сөйлеуінде айырмашылықтардың көп болуы. Мәселен, сұхбат алушының сөйлеуі, әдетте, сұхбат берушінің дайындықсыз, эмоционалды және аяқ асты туындаған сөзіне қарағанда анағұрлым дайын, дұрыс, қисынды, мәнерлі, түсінікті болады. Сөйлеудің интонациялық көріністерінде: қарқынның тұрақтылығы, кідіріс түрлері, көлемді сипаттамалар, екпінді, әуезді сөйлемдер т.б. айырмашылықтар кездеседі [4].

Сұхбат дискурсына қатысушы коммуниканттардың рөлі сұхбатты жанды әрі жүйелі өтуіне септігін тигізеді. Себебі сәтті коммуникативті актіге құрылған сұхбат тыңдаушы тарапқа әсер етіп, сұхбат алушы мен беруші арасында коммуникативті-прагматикалық байланыс нығая түс



Сурет 1– Сұхбат дискурсындағы коммуниканттар моделі

Адресант өз еркімен коммуникацияның бір немесе басқа қатысушысына жүгінеді, тікелей адресат әңгімеге қатысады, сұрақтарға жауап береді, ал бақылаушы адресат болып жатқан оқиғаларды бақылайтын және өз қорытындыларын жасайтын коммуникацияның үшінші субъектісі болып табылады. Бұл сұхбат дискурсының екі бағытқа негізделетін ерекшелігін айқындайды. Қатысушылардың әрқайсысы өзінің тікелей сұхбаттасушысына ғана емес, сондай-ақ бұқаралық адресатқа, оқырмандарға, радио тыңдаушыларға немесе телекөрерменге бағытталған. Ғалым А.А. Кибрик аудиторияның өзі кейде сұхбат алу барысына қатыспаса да, сұхбат беруші мен сұхбат алушылар тыңдаушы көрерменнің бар екендігін, сонымен қатар аудиторияның реакциясын, құптауы мен қарсылығын ескеретінін атап өтеді [5]. Орыс ғалымы А.К. Соловьева сұхбат дискурсының 4 түрін атап өтеді. 1) сұхбат-дауласу; 2) оңаша түсіндіру сұхбаты; 3) сұхбат-ұрыс; 4) сұхбат-келісім. Ғалымның пайымдауынша сұхбат-дауласуда адамның көңіл күйіне қатысты айтылыстар жиі ұшырасады. Мұны сұхбаттастардың дауыс ырғағы арқылы анықтауға болады. Оңаша жеке белгілі адамның өзімен ғана сұхбаттасуда сұхбаттас-серіктестің бірі екіншісіне үсті-үстіне бастырмалата оның жүйкесіне тиетін сұрақтар қойып, өзіне қажет ақпараттарды алуға, өзі

үшін құпия істерін білуге тырысады. Дауласуға тән жүйелі, дәлелді сөйлеуге тырысу сұхбат-ұрыста сұхбаттас-серіктестердің көңіл-күйлерінің ерекше көтеріліп кетуіне байланысты ауыр сөздер айтуға дейін жетуі мүмкін. Сұхбат-ұрыс өзінің жылдамдығымен ерекшеленеді. Онда сұхбаттың басқа түрлерінде байқалатын сөз арасында серіктестердің тақырыпқа қатысы жоқ мәселелерді сөз етіп, тақырыптан ауытқуы кездеспейді. Келісім жағдайында өтетін сұхбатта коммуниканттардың бірі екіншісінің сөзін түсініп, ыңғайына жығыла отырып тілдеседі. Мұнда сөзге ілігу, шүйлігу, әрбір сөзге жармасу сияқты сұхбат берушінің көңіл-күйіне әсер ететін сөздер айтылмайды [6].

Қазақ тілтанымында сұхбатты салыстырмалы сипатта зерделеген ғалым М. Барманқұлов сұхбатты журналист пен сұхбаттасушы көзқарасына қарай төрт түрге бөлген:

➤ Сұхбат – көзқарас. Бұл танымал тұлға, ел азаматы, қоғам қайраткерілерінен алынған сұхбат;

➤ Сұхбат – хабарлама. Білімді, тәжірибелі маманнан алынған сұхбат;

➤ Сұхбат – эмоция. Оқиға куәгерімен болған сұхбат.

➤ Сұхбат – әлеуметтік зерттеу. Бұл жерде сұхбаттасушы адам емес, оның ұсынған фактілері мен айтқан ақпараттары маңызды. Сұхбаттың бұл түрінде сұрақ көп жағдайда жасырын түрде беріледі[7]. Отандық тілтанымда сұхбат дискурсының гендерлік ерекшеліктеріне қатысты зерттеулер сирек болғанымен, ер мен әйелдердің сөз қолданысына қатысты зерттеулер кездеседі. Атап айтқанда, зерттеуші Г.Мамаева ер мен әйелдің сөз қолданысындағы лексикалық және синтаксистік ерекшеліктерді қарастырып, жыныстар арасындағы бағалауыштық лексика мен инвективтік лексиканың қолданысын айқындайды[8]. Сонымен қатар көркем мәтіндегі гендерлік сипатты зерттеген Р.Тұрдалиева көркем мәтін тіліндегі гендерлік ерекшеліктерді психолингвистикалық аспектіде қарастырып, грамматикалық құрылымдағы гендерлік сипатты, ондағы психолингвистикалық көріністерді анықтайды[9].

Нәтижелер және талқылау

Сұхбат барысында ерлер мен әйелдердің коммуникативтік актіге ену деңгейлерінің параметрлін төмендегіше саралауға болады:

– *Сөйлесім әрекетіне ену*. Ер адам ақпарат алу үшін ғана сөйлесім қатынасын орнатса, әйел адам өзге тұлғамен өзара қарым-қатынас орнату үшін сөйлесім әрекетін бастайды.

– *Мәртебеге қатысты ұстанымдары*. Ер адам сөйлесім әрекеті кезінде өзінің мәртебелік дәрежесін жиі пайдаланады, сол арқылы нәтижеге жетуді көздейді. Әйелдер өзге тұлғалармен жақын қарым-қатынас жасауға ұмтылатындықтан мәртебесін, әлеуметтік дәрежесін пайдалануға көп мән бермейді. Олар өзінің туысқандарымен, жақындарымен, дос-жарандарымен, өзімен деңгейлес адамдармен сөйлесу кезінде өзін еркін

ұстайды әрі мұндайда көп сөйлейді. Ерлер әлеуметтік ортада, топта, ұжымда өзінің мәртебесін қалыптастыруға әрі оны сақтауға ұмтылғанда ғана еркін сөйлеуге, жиі сөйлеуге мән береді.

– *Сөйлесім саласы.* Ер адам көпшілік алдында сөйлегенді ұнатады, әйел адам жеке, тұрмыстық әңгімені ұстануға тырысады.

– *Тақырып аясы.* Ерлер жеке өміріне қатысты тақырыптарды қозғағаннан гөрі, саяси-қоғамдық тақырыптарды, өздеріне қызықты (спорт, экономика, т.б.) мәліметтермен бөлісуге тырысса, әйелдер жеке, күнделікті өмірге қатысты тақырыптарда әңгіме құрады.

– *Еркек пен әйелдің тыңдау деңгейі.* Ерлер қауымы сөйлесім әрекетінде ақпараттар мен мәліметтерді тыңдауға ғана мән берсе, әйелдер сөйлесім әрекеті кезінде коммуникантпен тығыз байланыс орнатуға ұмтылатындықтан, әңгіменің мазмұнына (мета-ақпаратқа) мән береді.

Одан бөлек, ер адамның коммуникациялық әрекетінің икемділігі төмендеу әрі сұхбаттасушы серіктесімен жақын байланыстар болмайды, алайда сөйлесім әрекеті динамикалық үрдіске ие. Сондықтан сұхбат барысында ер адамдардың диалогы, көбіне, белгілі бір тақырып аясында ғана болады әрі бұл тақырып барынша кең талқыланып, соңы қорытындыланады. Сонымен қатар ер адамдар сұхбат берушіні ашу үшін оның сырт болмысы мен көңіл-күйіне қатысты сұрауларды жиі қояды. Айталық, «Айтуға оңай» бағдарламасына қонаққа келген әкесімен бірге келген кішкентай қызды журналист былайша сөйлетеді:

Журналист: Тараздың өзінде тұрасыздар ма?

Сұхбат беруші: Стансы Ақшолақ.

Журналист: Ол Тараздан қаниша шақырым?

Сұхбат беруші: 35-40 шақырым жер ғой.

Журналист: Мхм, сабаққа сонда барасың ба?

Қызы: Аха, сол жақта.

Журналист: Нешінші сыныпта оқып жүрсің?

Қызы: 7-сыныпта.

Журналист: Сабақ қалай?

Қызы: Жақсы.

Журналист: Шапты үнемі осылай өріп жүресің бе сабақта?

Қызы: Иә...

Журналист: Өріп жүресің. Кім өріп береді?

Қызы: Өзім.

Журналист: Өзің өре аласың ба?

Қызы: Иә.

Журналист: Сабақ қалай?

Қызы: Бәрі ойдағыдай.

Журналист: Ол қалай ойдағыдай деген?

Қызы: 4 пен 5-ке оқып жүрміз.

Журналист: 3-ше?

Қызы: Анда-санда болады.

Журналист (күліп): Қай сабақтан?

Қызы (күліп): Күнделікті емес енді... Осы 7-сыныпта физика деген пән қосылды. Қиынырақ болып жатыр.

Журналист: Мүмкін көп нәрсені түсінбей қалған шығарсың.

Қызы: Жоқ. Енді... белсене қатысып отырамын сабаққа. Түсінгенше айтамын.

Журналист: Мінезің ашық сияқты.

Қызы: Иә, бәрі сөйтіп айтады. Ақкөңіл дейді.

Сұхбаттан байқағанымыздай, тәжірибелі журналист Бейсен Құранбек студияға қонақ болып келген ер адамды қоя тұрып, алдымен қасындағы қызын сөйлетеді. Мектеп оқушысының көңіл-күйін сұрай отырып, оқушы қыз арқылы сұхбатқа келген қонақтың отбасын, жағдайын, көңіл-күйін көрерменге жеткізеді. Сонымен қатар, сұхбат алушы ер адамдар диалог барысында әр сұрақты нақтылап, оны қорытындылап отыратынын байқауымызға болады.

Ер журналистердің сұхбат құру барысында жиі қолданатын әдіс-тәсілі манипуляция жасау. Әйелдерге қарағанда ерлер манипуляцияны жиі жасайды. Яғни, сұхбатқа келген кейіпкердің айтпаймын деген ойын айтқызып, адресаттың жауап беруден қашатын сұрақтарын қою арқылы кейіпкерді аша түсу. Мысалы, Қайнар Олжайдың Асанәлі Әшімовпен «Өнер тақтасындағы король» атты сұхбатында нақты дәлелдерді келтіре отырып манипуляция жасау айқын көрінеді.

Қайнар Олжай:

– Асеке, Сіз КСРО мен Қазақстанның Халық әртісісіз, КСРО мен Қазақстанның Мемлекеттік сыйлықтарының иегерісіз, тәуелсіз Қазақстанның «Отан» ордені омырауыңызда. Тағы басқа атақтарыңыздан ат үріккендей. Сонда жетпейтіні шахматтың атағы шығар?

Асанәлі Әшімов:

– Қай салада болмасын халықтың құрметінен артық атақ жоқ. Атаққа емес, адам атын сақтауға ұмтылдым. Ал, шахматтан талайлар мойындаған. Қазақстан одақтың құрамында жүрген қайбір жылдары Алматыға Тигрян Петросян, Лев Полугаевский сияқты шахматтан әлем чемпиондары келіп қайтатын. Бірнеше тақтаны қатар қойып, бағын сынағысы келетіндермен кездесу өткізеді. Сонда мықтылардың ойынын көрдік. Қарап жүрмей солармен ойнағаным бар.

Қайнар Олжай:

– Ұттыңыз ба?

– Ұту - жалпы мақсат емес, халықаралық гроссмейстерлерді ұту актерге, бәлкім, мүмкін де емес. Тең түскеннің өзі зор бақыт. Бірақ жаспын, біраз жағаластым білем. Олармен бір рет ойнадым дегеннің өзі неге тұрады. Шахматтағы әріптестерім сахнадағыдан көп болмаса аз емес. Бағыбек Құндақбаев деген театр сыншысымен түні бойы шахмат ойнайтынмын. Ұтылса, қызарақтап қалатын. Немесе Нұрғали Нүсіпжановпен шахмат ойнап, 3:0 есебімен жеңгенімде, ол ауруханадан бір-ақ шыққан.

Берілген сұхбат үзіндісі арқылы журналист Қайнар Олжай манипуляциялық тілдік бірліктерді сұхбат басынан соңына дейін қолданғанын көреміз.

Біріншіден, оқырманды таңқалдыру үшін журналист сұхбатты екіншісі бірі бастайтын кейіпкерді таныстыру, өзі жайлы жалпылама ақпараттарды сұрау сынды сұрақтардан бастамады. Дәл осы манипуляциялық әдісі арқылы журналист бір оқпен екі қоянды атып алды. Бірі – оқырман назарын бірден аударту, екіншісі – кейіпкердің көсіліп ашылуына сұхбат басталуынан-ақ тың сұрағымен жағдай жасау.

Екіншіден, журналист қолданған манипуляциялық тілдік бірлік – деректер. Қайнар Олжай манипуляциялық тілдік бірлікті қолданбағанда көп сұхбаттарда кездесетін «Шахмат ойнағанды ұнатасыз ба? Шахмат сізге несімен ұнайды?» сынды сұрақтарды қояр еді. Ал журналист кейіпкерді тереңірек ашу үшін сұхбатқа дейін жинаған деректерімен бөлісіп, «Сонда жетпейтіні шахматтың атағы шығар?» деген манипуляциялық тілдік бірлік арқылы Асанәлі Әшімовтің намысы мен беделіне әсер ететін сұрақ қояды.

Үшіншіден, сұхбатта манипуляцияны журналист қана емес сұхбат беруші де қолданады. Сұхбат беруші үшін бұл сұраққа кідірмей жауап берудің жалғыз жолы шахмат саласында жеткен жетістіктерін айту еді.

Төртіншіден, журналисттің «Ұттыңыз ба?» деген сауалы сұхбат берушінің көсіліп жауап беруіне нақты тікелей әсер еткен. Себебі Асанәлі Әшімов бұл сұраққа жауап берерде өзінің алдыңғы сұраққа берген «Әлсіз ойыншы емеспін» деген ойын да, ұтылу себебін де түсіндіруі қажет. Ал актер бұл сұраққа өте ұтымды жауап беріп, нағыз манипуляциялық тілдік бірліктерді қолданды. Егер сұхбат беруші ешқандай манипуляциялық тілдік бірлікті қолданбаса «Иә, ұтылдым» деп жауап берер еді. Ал актердің жауабы: *«Ұтылдым деп қапаланбадым. Оның сыртында сексенінші жылдардың соңына дейін Әуезов атындағы академиялық драма театрында шахматтан жыл сайын жарыс өтіп тұрды. Мен 1982 жылдың чемпионы болғанмын»* деп өзін ақтап алады. *Әрі қарай жауабында ұтылған емес, бірыңғай ұтқан ойындарын алға тартады.*

Сұхбат дискурсында ерлердің бір сауалды қайталап қою немесе түрлендіруі арқылы манипуляция жасауы жиі ұшырасады. Айталық, Хабар арнасындағы «Алғашқы» бағдарламасында журналист Аман Тасығанның М.Шахановпен болған сұхбатында сауалдарды түрлендіре қою арқылы манипуляция жасағанын аңғаруға болады:

Аман Тасыған: – Пушкинде 113, Абайда 5, сізде нешеу?

Мұхтар Шаханов: – Пушкин де, Абай да 500 жылда бір ақ рет дүниеге келетін үлкен тұлғалар. Сондықтан олар өзінің санасына сай келетін адам іздеді. Ал ондай адам Абайға тағдыр қосқан бес әйелдің де ішінен табыла қоймады, Пушкин танысқан 113 қыздың ішінде де болмады. 113 мың қыз жолықса да Пушкинге тең келері табылмас еді. Өйткені махаббат дегеніміз екі адамның сана биігінде жолығуы. Ол кез келгеніне бұйыра бермейтін бақ.

Аман Тасыған: – Сіз Эверестің шыңына шыға алдыңыз ба?

Мұхтар Шаханов: – Енді мен өмірімде үш әйел алдым. Үшінші әйеліммен тұрып жатырмын. Бірақ үшеуімен де сана биігінде жолыға алмадым.

Аман Тасыған: – Демек, Эверестің шыңына шыға алмадыңыз.

Мұхтар Шаханов: – Иә!

Аман Тасыған: – Не толқытса соның мұңын тартасың...

Аурухана ауласында сытырлатып картасын

Жанарында әзіл ойнап жарасты

Маған бір қыз бал ашты:

Науқастан ба ерініңіз кезерген,

Сүюді Сіз ерлік деп те айтасыз,

Онсыз ақын боларсыз ба ой өрген.

Дегенмен,

Сіз абайлаңыз, байқаңыз,

Бағыңыз да, сорыңыз да әйелден, – деген екенсіз. Шынымен солай болды ма?

Мұхтар Шаханов: –Иә, өзіңе сай әйел жолықпағаннан кейін тағдырың солай болады екен. Бұл туралы менің «Қонаевтың дара махаббаты» деген өлеңім бар.

Аман Тасыған: – Мұндай шақта қиын екен

Қызға сөзің өтпесе,

Қарсыласып тұра алмадым

Кете бердім кет десе

Өйтпегенде қайтем енді

Батылдығым жетпесе, - деген өлеңіңіз бар екен. Батылдығыңыз жетпеген қыздар көп болды ма?

Мұхтар Шаханов: – Менің өзі бір ерекше қызым болды Күләнда деген. Түлкібас жақта тұратын. Сол жақта бұрын пойыз тоқтап өтетін. Сол қыз келе жатқанда пойыз тоқтамайтын болған екен. Ол қыз мұны білмеген. Сол кезде ол пойыздың астына түсіп қайтыс болды. Құрбысының аяғы сынды. Солай қосыла алмадық.

Аман Тасыған: – Мүмкін Күләндә тірі болғанда Эверестің шыңына шығар ма едіңіз?

Мұхтар Шаханов: – Бек мүмкін еді.

Аман Тасығанның сұрақтары нағыз манипуляцияға құрылған. Біріншіден, журналист «Пушкинде 113, Абайда 5, сізде нешеу?» деген ақынның әйелдері жайлы астарлы сұрауға сұхбат беруші махаббаттың құдіреті, Абай мен Пушкиннің ғашықтары жайлы тың пікірлер айта отырып, өзіне қойылған сұрауға жауап бермейді. Ал журналист түспалмен жауап берген ақынға түспалмен тағы да «Ал сіз Эверестке шыға алдыңыз ба?» деп өзінің махаббаттағы тағдыры жайлы қайталап сұрайды. Сонда ғана ақын өзінің үш әйелі болғанын айтады. Негізінен беделді тұлғаларға «Қанша әйеліңіз бар?», «Көп әйел алды деп естідік» деген сауалдарды қою орынсыз болар еді. Журналист манипуляциялық тілдік бірліктерді қолдану

арқылы сұхбат берушінің кеңінен ашылуына ықпал жасап, оқырманға қажетті ақпаратты алып берді.

Екіншіден, Аман Тасыған ақынның махаббат тағдыры жайлы сұрақтарын қоюды жалғастырады. Ол сұрақтарында да өлеңдетіп, ақын тағдырын бір шумақ өлеңнің астарымен аша білді. Манипуляциялық тілдік бірліктер кейіпкерге өзінің өлеңдері арқылы жасалды. Бұл да журналистің ұтқырлығы мен шеберлігін аңғартады. Бір ғана «сана биігінде жолыққан махаббат» жайлы ой ақынның әр жауабына да арқау болады. Бұдан аңғаратынымыз, сұхбат дискурсында ер журналистер манипуляциялық тілдік бірліктерді қолданып қана қоймай, сұхбаттың мазмұнды өтуіне және кейіпкердің толық ашылуына жағдай жасайды.

Ал әйелдердің коммуникациялық әрекеті сұхбат барысында диалог құрушы коммуникантқа тікелей бағытталады, бағынады. Бір сұхбаттың өзінде бірнеше тақырып талқыланып үлгереді. Сұхбат барысында арқау болған тақырыпты бірден өзгерте алады.

Қазіргі қазақ телевиденисінде байқалған басты тенденция – сұхбат алушы тележүргізушілердің басым көпшілігі - әйелдер қауымы. Яғни, әйел адам жүргізетін бағдарламалар ер адам жүргізетін бағдарламаларға қарағанда көп. Біздің ойымызша, бұған себеп – қазіргі телеарналарда көңіл көтеру, ойын-сауық бағдарламаларға сұраныстың көптігі. Күнделікті отбасылық, тұрмыстық, көңіл көтеру, ойын-сауық, шаруашылық мәселелерді талқылауда ер адамға қарағанда әйел адамдардың құзіреттілігі басым. Ал ер адамдар жүргізетін бағдарламалар қоғамдық-әлеуметтік және саяси-қоғамдық мәселелерді қозғайтын бағдарламалар болып отыр. Әйел тележүргізушілердің көп болуы әйел адамдардың сұхбатқа икемділігі, яғни әйел тілінің сөйлесім әрекетіне тікелей прагматикалық бағытталуы да себеп.

Сұхбат барысында әйелдер коммуниканттың барынша ашылып сөйлеуіне, көп сөйлеуіне мүдделі болады. Диалогтің көлемді, жан-жақты болуына, ақпаратты болуына мән береді. Сол себепті сұхбат берушіні қолдап, қолпаштап отырады әрі сол сәтте өзінің сезімінен де хабар беріп үлгереді. Мәселен, Әсел Көбеева «Қыз жолдас» бағдарламасында «Асқазан ауруын емдеу жолдары атты» дәрігер-хирург Еркебұлан Жантілеумен 45 минуттық сұхбат жүргізеді. Адресат жас дәрігер ер адам, өте байсалды, емін-еркін сөйлейді, сұраққа нақты жауап береді.

– Не себепті? Экология мүмкін...

– Жоқ. Экологияға байланысты емес, стрестік жағдайлардың көп болуымен байланысты.

– Ммм...

– Гастрит деген ауру болады. Бұған тұз қышқылының көбеюі себеп.

– Адамдардың 99%-ы ауыратын сияқты осы аурумен, меніңше...

– 99% емес, бірақ көп кездеседі. Салыстырып айтқанда, тұз қышқылы бір шегені ерітіп жібере алады. Енді ойлап көріңіз, асқазанға ондай қышқылды ұстап тұрудың қандай қиын екендігін...

– Әрине...

– ...Асқазанға сфинктер жабылмай қалғанда астың иісі ауыздан шығуы мүмкін.

– Мхм, ал сфинктерді қалай жабуға болады?

– Оны сфинктердің жеткіліксіздігі дейді...

– Демек, ол да патологиялық аурулардың бірі ме?..

– Қабыну процестеріне байланысты бұл...

– Ааа, қабыну процесіне...

– Оны ота жасау арқылы емдеуге болады.

– Сфинктерді қатайтады, иә...

– Қалпына келтіреді... Көптеген себептері болуы мүмкін...

– Демек, тіс дәрігерімен кеңесу керек дейсіз ғой...

– Міндетті түрде, тіс дәрігерімен кеңесу керек.

– Өте жақсы...

Бұл үзінділерден байқағанымыздай, әйел адам өзінің коммуникантымен жақын байланыс ұстауға тырысады әрі оның ұзақ сөйлеуіне, нәтижелі сөйлеуіне мүдделі болып отыр. Сұхбат барысында өзінің сезімдік жағдайын білдіру әрі коммуникантты қоштау, қолдау мақсатында әртүрлі қысқа репликалар беріп отырады. Ал бұл коммуниканттың одан әрі ашылып сөйлеуіне мүмкіндік береді. Әйелдің сұхбат барысындағы диалогтік репликаларында сезімдік жағдайды білдіретін «өкінішке орай», «масқара, қиын екен», «өте жақсы», «солай ғой», «иә ма?», «әрине, өкінішті», «тамаша», «рақмет сізге», «иә», «өте дұрыс айтасыз», «айта қойыңыз», «... дейсіз ғой», «демек...», «ендеше...», «аха-а-а», т.б. тәрізді одағай, қыстырма, мадақ сөздерді қосып отырады. Репликаларының көпшілігі аталмыш тілдік бірліктерден тұрады. Сұхбат барысында әйел адам коммуникантты толықтырып отыруға көп мән береді. Сонымен қатар бейвербалды амалдарды көп қолданады: басын изейді, таңданады, өкініш білдіреді, «қабағымен ойнайды», қолын сілтейді, басын ұстайды, басын шайқайды, көзін жоғары-төмен қаратады, бетін желпиді, т.б. Бұл сұхбаттың сәтті шығуына септігін тигізеді.

Берілген сұхбат үзіндісінде екпін ер адамға түсіп тұрғанымен, сұхбатты басқарушы – әйел адам. Әйел адамның сұхбат құру барысындағы басты ерекшелігі сөйлеушіні қажетті арнаға бұрып, бағыттай алу қабілетінің терең дамуы, бағдарлпй алу мүмкіншілігінің кеңдігі. Міне, осы қабілеті қазіргі телеарналарда әйел тележүргізушілердің көбеюіне себепкер болып отыр.

Әйел адамдардың сұхбат құруында байқалатын келесі ерекшелік – сұхбат берушінің сөзін жиі бөлуі, соңына дейін тыңдамауы. Мәселен, жоғарыда аталған 45 минуттық сұхбатта әйел тележүргізуші сұхбат берушінің сөзін 26 рет бөлген. Ал «Айтуға оңай» телебағдарламасының жүргізушісі Бейсен Құранбек 40 минуттық бағдарламада сұхбат берушісінің сөзін небәрі 7-9 рет қана бөледі. Сол тәрізді 365info.kz интернет порталындағы «Неге солай?» бағдарламасын жүргізетін Жан Ахмадиев 18-22 минуттық шығарылымында сұхбаттасушысын небәрі 2-4 рет қана бөледі. «Әйел бақыты» телебағдарламасын жүргізуші Л.Сұлтанқызы көрерменмен 8 минуттық сұхбаттың өзінде сөйлесушісінің 9 рет сөзін бөлген. Мысалы:

- Сәлеметсіз бе, эфирдесіз.
- Алло, саламатсыз ба, Ләйлә Сұлтанқызы, мені естіп тұрсыз ба?
- Иә-ә, мен сізді естіп тұрмын.

– Ләйле Сұлтанқызы, мен сізді көргеніме өте қуаныштымын. Мен Қарқаралы ауданы, Теректі отделениесі Шөптікөлден хабарласып отырмын. Бүгінгі тақырыптарыңыз өте өзекті, мінеки... Маңызды тақырып деп есептеймін... Алтын ене, құтты келін. Мен енді өзім жайлы айтатын болсам...

- Сіз келінсіз ғой деймін иә?..
- Иә, келінмін. Иә, иә келінмін. Мен оңтүстіктің қыз-ы-м-ын...
- Қанша болды келін болғаныңызға?
- Ау?
- Қанша жыл болды келін болып түскеніңізге?
- Алла жазса, биыл бес жыл болады...
- Ал жақсы...

Байқағанымыздай, шағын сұхбаттың өзінде әйел тележүргізуші телефон шалып тұрған сөйлеушінің сөзін 4 рет бөліп үлгерді. Тележүргізушінің бұл жерде сөйлеушінің сөзін бұза беруінің басты прагматикалық ерекшелігі – әйел адамның деректі анықтап алуға, көз жеткізуге тырысуы.

Әйел тележүргізушінің сұхбат барысында адресаттың сөзін бөле беруі оның эмоциясымен, сөйлесім сәтінен алып отырған ләззатын, сезімін жеткізуге тырысуымен байланысты. Мәселен келесі сұхбатта:

– ...Содан мен өзімді ұстадым да, сол қызды іздеуге бел байладым. Содан үш жылға жуық, яғни екі жыл сегіз ай мен сол қызды іздедім.

– Екі жыл сегіз ай дейсіз бе...

– Иә. Бұрынғы жоғарғы оқу орнына бардым. Барлық құжаттарды ақтардым, көтердім. Бұрынғы тұрғын үйін, мекенжайын іздеп, екі жыл сегіз айдан кейін ғана таптым сол қызды. Сөйтсем ол қыз ауылында тұрады екен. Баламды алмаған... 15 жасар балам бар екен... Тұрмыс құрмаған. Сол ауылда жұмыс істейді екен мектепте. Оған барып барлық сырымды ақтарып, баламды көріп, кейін соған үйлендім...

– Со-ған?!.

– Иә! Екі жылдан кейін егіз қыз туып берді маған. Қазір 18 жасар ұлым, бір жасар екі қызым бар.

– Әне-е-е...

– Осы айтайын деген әңгімем. Мен бақыттымын...

– Мен... мен сіз үшін...

– Содан бері, Құдайға шүкір, өмірім орнына келді...

– Енді... біреу бізге бұл оқиғаны айтып берсе, біз сенбеген болар едік...

Бауыржан мырза, желіде тұрсыз ғой. Сіздің өміріңізді көрерменмен бірге көз алдымыздан өткіздік. Кәдімгі бір кинодағыдай...

Келтірілген үзіндеде әйел адам ер адамның басынан өткен оқиғаға шын жан-тәнімен беріліп тыңдап отыр әрі оған толықтай эмоционалды-сезімдік күймен қатынас жасап, кейіпкердің тағдыр тауқыметінен шынайы уайым шегіп, қайғырып қолдау көрсетіп отыр. Кейіпкердің оқиғасы әйел адамды

еліткені, елжіреткені соншалық – тележүргізуші әйел өзінің эмоциясын ұстай алмай кейіпкердің сөзін бөле берді. Кейіпкердің сөзін бөлу арқылы әйел тележүргізуші біріншіден, өзінің таңданысын, эмоциясын жасыра алмаса, екіншіден, оқиғаның маңызды деректерін бөліп көрсетуге, фактіге екпін түсіруге тырысады. Коммуникативтік акт кезінде сөйлесушілер арасында интеллектуалдық қатынаспен қатар эмоционалдық ықпалдастық та қатар орнауы қажет.

Сұхбат дискурсында әйел тележүргізушілер суггестиялық тілдік бірліктерді жиі қолданады. Суггестия термині орыс ғалымдары И.Ю. Черепанованың «Дом колдунья»[10], К.М. Варшавскийдің «Гипносуггестивная терапия»[11], С.Н. Астаховтың «Лечебное действия слова»[12], А. Киклевичтің «Суггестия в речевой деятельности»[13] және т.б. еңбектерінде сөз болып, аталған терминнің лингвистикалық табиғаты айқындалды. Суггестия - сананы билеуші, болмыстағы сенімді қалыптастыратын, реттейтін ұғым.

«Жұлдыз ТВ» арнасындағы «Сенбілік серуен» бағдарламасында Марал Сатқанғалиева мен Салтанат Байқошқарованың сұхбатында мақтау сөздер тікелей емес жанама түрде қолданылады. Журналист сұхбат берушіні не қатты сөкпейді, не қатты мақтап көкке көтермейді. Сол арқылы тұшымды жауап алады:

Марал Сатқанғалиева: – Байқаймыз бүгінде көбі ЭКО жасатуды қымбат деп жатады. Бірақ айфон дегенде, жаңа технология дегенде аянып қалмаймыз. Өзімізге келгенде сараңданып қалатынымыз бар. Сол жөнінде не айтасыз?

Салтанат Байқошқарова: – Дүниежүзіндегі ең арзан ЭКО Қазақстанда екен. Дәрісіз 1150\$, шамамен теңгемен 500.000-600.000 болып есептеледі. Ол арзан болып есептеледі. Тіпті дамымаған мемлекеттердің өзі бізден екі есе қымбат бағада. Енді халық бізде Кеңес дәуірінде тегін медицинаға үйренген. Барлығын мемлекет жасау керек, мемлекет беру керек деген ой қалыптасқан. Өзіміздің мекемелерде бар технологиялармен жасалатын аппараттарды арзан жасауға болады. Ал бірақ біздің технологиялар тура бір космостың технологиясы ғой. Лабораториядағы ең кішкентай құрылғының өзі кемі 2-3 млн теңге тұрады. Тегін жасау да, арзан жасау да мүмкін емес. 500.000 теңге деген не ол бір айфон десек болады.

Журналист Марал Сатқанғалиева сұхбаттарында сауалды асқан байыппен, «сондай-ақ қыз сұлулығының ерекше бір қыры майда тіл, сөз әдебімен, майдай мінезімен, жайдары көңілімен, ашық мінезімен, епті сөзімен...», нәзіктікпен қояды [14, 289 б.]. Қойған сауалдарында кейіпкеріне деген сый-құрмет, жағымды суггестиялық тілдік бірліктер басым.

Біріншіден, журналистің сауалы кейіпкерді даттауға, тергеуге емес жақтауға құрылған. Суггестиялық тілдік бірліктерсіз сұхбат алушы «ЭКО неліктен қымбат? Халықтың қалтасына тым ауыр емес пе? Мамандар осыншама қыруар қаражаттың бәрін қайда жібереді?» сынды сауалдарды қоюына болар еді. Алайда журналистің сауалы суггестияға негізделіп

құрылған. Сауал құрылымындағы «сараңданып қалатынымыз бар», «жаңа технология дегенде аянып қалмаймыз» сынды тілдік бірліктер халықтың ойындағы пікірмен ұштасып, кемшіл тұсын да анық көрсетеді. Егер сауал тек халықты жақтап, дәрігерлерді даттауға құрылса, адресат тарапынан тұшымды жауап болмас та еді. Журналистің суггестиялық бірліктерді ұтымды қолдануының арқасында сұхбат кейіпкермен бәстесу, текетіресу емес, сыйласу сипатында өрбігені аңғарылады.

Екіншіден, Салтанат Байқошқарованың жауабы да журналистің сауалына сай. Ешкімді жазғырмайды. ЭКО жасаудың қымбатшылығын түсіндіруге барынша тырысады. *«Дүниежүзіндегі ең арзан ЭКО Қазақстанда екен. Дәрісіз 1150\$, шамамен теңгем 500.000-600.000 болып есептеледі. Ол арзан болып есептеледі. Тіпті дамымаған мемлекеттердің өзі бізден екі есе қымбат бағада»* деп жауабын таңқалдыратын фактімен бастайды. Сонымен қатар *«Енді халық бізде Кеңес дәуірінде тегін медицинаға үйренген. Барлығын мемлекет жасау керек, мемлекет беру керек деген ой қалыптасқан»* деген халық санасындағы қымбатшылықтың себебін түсіндіріп, халықты ақтап алады. Кейіпкердің әрі қарай жауабы қымбатшылықтың себебін түсіндірумен өтеді. Жауабында дәрігерлерді де, мемлекетті де ақтап алады. *«Арзандатуға тырысамыз. Бірақ барлығын тым арзан бағада ала алмаймыз. Мемлекеттің өзі бір квотаның бағасын 900 мың теңгедей деп есептеп отыр. Оның жартысынан көбісі дәріге кетеді. Ал дәрігердің еңбегін біз төмен есептейміз».* Сұхбат барысында мұндай суггестиялық тілдік бірліктердің жиі кездесуі сұхбаттың әрін келтіріп қана қоймай, сәтті коммуникативтік актінің орнауына ықпал жасайды.

Қорытынды

Сұхбат тек публицистикалық жанр ғана емес, сонымен қатар адам өмірінің құрамдас бөлшегі. Қоғамда дұрыс қарым-қатынас құра білу – кез келген адамға қажет қасиет. Сұхбат дискурсы арқылы ерлер мен әйелдерің сөз қолданысы, сөйлем құрауы мен ойын жеткізуі айқын танылады. Яғни жыныстардың сөз қолданысындағы синтаксистік ерекшеліктер сұхбат дискурсы арқылы айқындалады. Сұхбат барысында ерлер коммуникативтік актіні орындауда баяу қимылдайдыны нақтыланса, әйел тележүргізушілер сұхбат беруші адресатты бағыттауымен, бір сұрақтың құрамына екі жайтты сыйғыза алумен ерекшеленеді. Сұхбат дискурсында тележүргізушілер кейіпкердің болмысын ашып, көрерменді иландыру үшін түрлі әдіс-тәсілдерді қолданады. Ерлер қауымы сұхбат барысында манипуляцияны жиі жасаса, әйел тележүргізушілер суггестиялық тілдік бірліктерді жиі қолдануымен ерекшеленеді. Сонымен қатар сұхбат барысында ер тележүргізушілер адресатты ұйып тыңдауға назар аударса, әйелдер қауымы сұхбат берушінің сөзін жиі бөліп, өзінің сұрауын үдетуімен, эмоциялық жай-күйін көрсетуімен танылады. Сұхбат дискурсындағы гендерлік ерекшеліктер жоғарыда анықталған жайттармен ғана шектелмейді. Сұхбат барысында қолданылатын тактика мен стратегияны зерттеу сұхбат дискурсының гендерлік ерекшеліктерін одан әрі толықтыра түспек.

ӘДЕБИЕТ

[1] Николенко Е.А. Типовая структура дискурса интервью // Мир лингвистики и коммуникации. – 2008. – №3 (12). – С. 117-128.

[2] Яшина Н.В. Коммуникативные и интонационные особенности дискурса телеинтервью (на материале американского варианта английского языка): автореф. дис. ... канд. филол. наук. – Иваново, 2007. – 22 с.

[3] Castillo-Montoya M. Preparing for interview research: The interview protocol refinement framework. The Qualitative Report. – New York: Warner, 2016. – 811 p.

[4] Gesch-Karramanlidis E. Reflecting on novice qualitative interviewer mistakes. The Qualitative Report, 2015. – 726 p.

[5] Кибрик А. Программа сохранения и возрождения языков России // Russian Journal of Linguistics. – 2021. – Vol. 25. – № 2. – С. 507-527. <https://doi.org/10.22363/2687-0088-2021-25-2-507-527>

[6] Соловьева А.К. О некоторых общих вопросах диалога // Вопросы языкознания. – 2015. – №6. – С. 104-110.

[7] Әбдіжәділқызы Ж. Таңғы көңілашар бағдарламалардағы сұхбат жанрының кәсіби деңгейі мен заманауи аудиториясы // ҚазҰУ хабаршысы. Журналистика сериясы. – 2023– №2 (68). – Б. 30-39. <https://doi.org/10.26577/HJ.2023.v68.i2.03>

[8] Мамаева Г. Ерлер мен әйелдердің сөз қолданысындағы ерекшеліктер: филол. ғылым. канд. ...дис. – Алматы, 2003. – 153 б.

[9] Тұрдалиева Р. Көркем мәтіндегі гендерлік сипат: психоллингвистикалық талдау: филол. ғылым. канд. ...дис. – Алматы, 2009. – 125 б.

[10] Черепанова И.Ю. Дом колдуньи. Язык творческого Бессознательного. – М.: КСП, 1996. – 384 с.

[11] Варшавский К.М. Гипносуггестивная терапия. – Л.: Медицина, 1973. – 192 с.

[12] Астахов С.Н. Лечебное действия слова. – Л.: Мысль, 1962. – 96 с.

[13] Киклевич А. Суггестия в речевой деятельности // Притяжение языка. Т.1: Семантика. Лингвистика текста. Коммуникативная лингвистика. – Olsztyn, 2007. – 415 с.

[14] Шоқым Г.Т., Буранкулова Э.Т., Мұратбек Б.Қ. «Қыз» гендерлік концептісінің этномәдени ерекшеліктері (қазақ, башқұрт, татар материалдары негізінде) // Абылай хан атындағы ҚазХҚ және ӘТУ хабаршысы. Филология сериясы. – 2024. – №4(75). – Б.289-304. <https://doi.org/10.48371/PHILS.2024.4.75>

REFERENCES

[1] Nikolenko E.A. Tipovaya struktura diskursa interv'yu [Typical structure of the interview discourse] // Mir lingvistiki i kommunikacii. – 2008. – №3 (12). – S. 117-128. [in Rus.]

[2] Yashina N.V. Kommunikativnye i intonacionnye osobennosti diskursa teleinterv'yu (na materiale amerikanskogo varianta anglijskogo yazyka)

[Communicative and intonational features of the discourse of television interviews (based on the material of the American version of the English language)]: avtoref. dis. ... kand. filol. nauk. – Ivanovo, 2007. – 22 s. [in Rus.]

[3] Castillo-Montoya M. Preparing for interview research: The interview protocol refinement framework. The Qualitative Report. – New York: Warner, 2016. – 811 p.

[4] Gesch-Karramanlidis E. Reflecting on novice qualitative interviewer mistakes. The Qualitative Report, 2015. – 726 p.

[5] Kibrik A. Programma sohraneniya i vrozozhdeniya yazykov Rossii [Program for the preservation and revival of the languages of Russia] // Russian Journal of Linguistics. – 2021. – Vol. 25. – № 2. – S. 507-527. <https://doi.org/10.22363/2687-0088-2021-25-2-507-527>. [in Rus.]

[6] Solov'eva A.K. O nekotoryh obshchih voprosah dialoga [On some general issues of dialogue] // Voprosy yazykoznaniya. –2015. – №6. – S. 104-110. [in Rus.]

[7] Abdizhadilkyzy Zh. Tangy kunilashar bagdarlamalardagi suhbat zhanryn kasibi deheyi men zamanai audience [Professional level and modern audience of the interview genre in morning entertainment programs] // KazNU Habarshysy. Zhurnalistika seriyasy. – 2023.– №2 (68). – B. 30-39. <https://doi.org/10.26577/HJ.2023.v68.i2.03> [in Kaz.]

[8] Mamayeva G. Erler men ayelderдин soz koldanysyndagi yerekshelikter [Features of the use of male and female speech]: filol. rylym. kand. ...dis. – Almaty, 2003. – 153 b. [in Kaz.]

[9] Turdalieva R. Korkem matindegi genderlik sipat: psycholinguisticalyk taldaу [Gender in fiction text: psycholinguistic analysis]: filol. rylym. kand. ...dis. – Almaty, 2009. – 125 b. [in Kaz.]

[10] Cherepanova I. Yu. Domkoldun'i. Yazyktvorcheskogo Bessoznatel'nogo [The Witch's House. The language of the creative Unconscious]. – M.: KSP, 1996. – 384 s. [in Rus.]

[11] Varshavskij K.M. Gipnosuggestivnaya terapiya [Hypnosuggestive therapy]. – L.: Medicina, 1973. –192 s. [in Rus.]

[12] Astahov S.N. Lechebnoe dejstviya slova [Therapeutic effects of the word]. – L.: Mysl', 1962. – 96 s. [in Rus.]

[13] Kiklevich A. Suggestiya v rechevoj deyatel'nosti [Suggestion in speech activity] // Prityazhenie yazyka. T.1: Semantika. Lingvistika teksta. Kommunikativnaya lingvistika. – Olsztyn, 2007. – 415 s. [in Rus.]

[14] Şoqym G.T., Burankulova E.T., Mūrātbek B.Q. «Qyz» genderlik konseptisiniñ etnomādeni erekselikteri (qazaq, başqūrt, tatar materialdary negizinde) // Abylai han atyndaғы Qazhq Jāne Atu habarşysy. Filologia Seriasy. – 2024. – №4(75). – B. 289-304. <https://doi.org/10.48371/PHILS.2024.4.75> [in Kaz.]

ГЕНДЕРНЫЕ ОСОБЕННОСТИ ДИСКУРСА ИНТЕРВЬЮ

Акмагамбетова Б.Е.¹, *Сарсеке Г.А.²

^{1, *2} Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева
Астана, Казахстан

Аннотация. Исследовательская работа посвящена выявлению гендерных особенностей дискурса интервью. Интервью-это не только публицистический жанр, но и составляющая жизни человека. Умение строить правильные отношения в обществе-необходимая черта любого человека. Интервью основывается на размышлениях интервьюера. Качество интервью измеряется способностью адресанта и интервьюируемого адресата составлять успешный коммуникативный акт, реализацией интенции и достижением коммуникативной цели.

Цель исследования – выявить гендерные особенности дискурса интервью, рассматривая интервью как мужчин, так и женщин-телеведущих.

Научное значение исследования состоит в том, что дискурс интервью ценен своим первым анализом гендерных особенностей. В ходе интервью выяснилось, что мужчины-телеведущие склонны к манипуляциям. Уточняется, что коммуникационная деятельность женщин-телеведущих в ходе интервью будет направлена непосредственно на коммуниканта, создающего диалог. На примерах было доказано, что в одном интервью обсуждается несколько тем, гибкость в интервью, частый разбор слов в ходе разговора с адресатом, а в своих эмоциях – прагматические особенности женского языка. Результаты исследования дополняют дискурс интервью свежими выводами.

Практическая значимость исследования заключается в том, что результаты и выводы исследования могут быть использованы в качестве вспомогательного средства при преподавании научных дисциплин, относящихся к областям теории коммуникации, дискурса, гендерной лингвистики.

В ходе исследования применялись аналитический метод для дифференциации интервью, метод описания для выработки умозаключений, методы сравнения, обобщения, обобщения при анализе интервью.

В ходе исследования были сделаны следующие научные выводы:

- Роль коммуникантов, участвующих в дискурсе интервью, способствует более живому и системному проведению интервью. Интервью, построенное на успешном коммуникативном акте, влияет на слушающую сторону, укрепляя коммуникативно-прагматическую связь между интервьюером и интервьюируемым;

- Телеведущие-мужчины часто манипулируют при составлении интервью;

- Женщины-телеведущие часто используют суггестивные языковые единицы, чтобы полностью раскрыть личность;

- В ходе интервью коммуникационная деятельность мужчин снижается и замедляется, а женщины более склонны к построению интервью и делают

различные приемы прагматико-психологической речи опрашиваемой личности;

- Женщины чаще, чем мужчины, перебивают интервьюируемого адресата. Это связано с глубинной способностью женщин гибко направлять интервью в нужное русло, широтой возможностей быстро ориентироваться.

Ключевые слова: интервью, дискурс, мужчины, женщины, манипуляции, суггестия, гендер, прагматика

GENDER FEATURES OF INTERVIEW DISCOURSE

Akmagambetova B.E.¹, *Sarseke G.A.²

^{1, *2} L. N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan

Abstract. The research work is devoted to identifying the gender characteristics of the interview discourse. Interviews are not only a journalistic genre, but also a component of human life. The ability to build the right relationships in society is a necessary trait of any person. The interview is based on the thoughts of the interviewer. A good interviewer is measured by the ability of the addressee and the interviewee to compose a successful communication act, the realization of an intention and the achievement of a communicative goal.

The purpose of the study is to identify the gender characteristics of the interview discourse by examining interviews with both male and female TV presenters.

The scientific significance of the study lies in the fact that the interview discourse is valuable for its first analysis of gender characteristics. During the interview, it turned out that male TV presenters are prone to manipulation. It is clarified that the communication activities of female TV presenters during the interview will be directed directly at the communicant creating the dialogue. Using examples, it was proved that several topics are discussed in one interview, flexibility in interviews, frequent parsing of words during a conversation with the addressee, and pragmatic features of the female language in their emotions. The results of the study complement the interview discourse with fresh conclusions.

The practical significance of the research lies in the fact that the results and conclusions of the research can be used as an auxiliary tool in teaching scientific disciplines related to the fields of communication theory, discourse, and gender linguistics.

In the course of the study, an analytical method was used to differentiate interviews, a description method for drawing conclusions, methods of comparison, generalization, generalization in the analysis of interviews.

The following scientific conclusions were made during the study:

- The role of communicants participating in the interview discourse contributes to a more lively and systematic conduct of interviews. An interview based on a successful communication act affects the listening side, strengthening

the communicative and pragmatic connection between the interviewer and the interviewer.

- Male TV presenters are often manipulated when composing interviews;
- Female TV presenters often use suggestive language units to fully reveal their character;
- During the interview, men's communication activity decreases and slows down, and women are more inclined to build interviews and make various techniques of pragmatic psychological speech of the interviewee;
- Women interrupt the interviewee more often than men. This is due to the depth of women's ability to flexibly direct interviews in the right direction, and the breadth of opportunities to quickly navigate.

Keywords: interviews, discourse, men, women, manipulation, suggestion, gender, pragmatics

Мақала түсті: 13 шілде 2024

Авторлар туралы ақпарат:

Акмагамбетова Бибигуль Ерсайиновна – докторант, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан, e-mail: bibigul1013@mail.ru, ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-9662-893X>

Сәрсекке Гүлнәр Әдебиетқызы – филология ғылымдарының кандидаты, доцент, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан, e-mail: sarseke_ga@enu.kz, ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-1670-5131>

Информация об авторах:

Акмагамбетова Бибигуль Ерсайиновна – докторант, Евразийский национальный университет им. Л. Н. Гумилева, Астана, Казахстан, e-mail: bibigul1013@mail.ru, ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-9662-893X>

Сәрсекке Гульнар Адебиетқызы – кандидат филологических наук, доцент, Евразийский национальный университет им. Л. Н. Гумилева, Астана, Казахстан, e-mail: sarseke_ga@enu.kz, ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-1670-5131>

Information about the authors:

Akmagambetova Bibigul Yersainovna – doctoral student, L.N.Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan, e-mail: bibigul1013@mail.ru, ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-9662-893X>

Sarseke Gulnar Adebietkyzy – Candidate (PhD) of Philological Sciences, Associate Professor, L.N.Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan. e-mail: sarseke_ga@enu.kz, ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-1670-5131>